



**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрк университетінің ректор өкілі

  
Пелеым Баттал  
«27» 03 2023ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрк университетінің ректоры

  
Ж. Темірбекова  
«28» 03 2023ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

YE-XKTU-075-2023


**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ШКІ КӘСІБІ  
РЕЙТИНГІН АНЫҚТАУ ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ, РЕЙТИНГ, КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САПА ОРТАЛЫҒЫМЕН ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Орталық басшысы Ж.Дарибаев
3. Келісілді
  - Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
  - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
  - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрганбаев
  - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
  - Қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтер К.Төребай
  - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕҢГІЗІЛДІ – 2023ж.
5. Тексеру мерзімі – 2025 ж.

Кызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



<i>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-075-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>9-шы нұсқа</i>
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	<i>19 беттін 2-ші беті</i>

## МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	4
6. ip.ayu.edu.kz ақпарат порталына ендірілген көрсеткіштер	10
6.1 Оқытушы-профессорлардың, ғылыми-қызметкерлердің рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	10
6.2 Кафедралардың рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	16
6.3 Факультеттердің рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	16
6.4 Ғылыми зерттеу институттарының рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	16
7. Өзгерістерді енгізу тәртібі	17
8. Келісу, сақтау және тарату	17
9. Қосымшалар	18
9.1 Өзгерістерді тіркеу парагы	18
9.2 Танысу парагы	19

*16*

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>

19 беттің 3-ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің – оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер мен кафедра, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары кәсіби рейтингін анықтау шарттарын белгілейді.

1.2 Бұл ереже Ахмет Ясауи университеті оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер, кафедра, факультеттер және ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтауды жүзеге асыруда қолданылатын негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеттің мемлекеттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарда міндепті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ-ХҚТУ-075-2023 Университет ережесі Ахмет Ясауи университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде тәменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР Білім туралы заңы;
- ҚР Ғылым туралы заңы;
- ҚР «Еңбек Кодексі»;
- Университет Жарғысы;
- 2022-2026 жж. Стратегиялық даму жоспары;
- ҚП - ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде тәмендегі қысқартулар қолданылды:

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі;

ҚР ММ – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі;

Ахмет Ясауи университеті, ХҚТУ – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті;

ҮЕ – Университет ережесі;

ОПҚ – Оқытушы-профессорлар құрамы;

ФЗИ - Ғылыми-зерттеу институттары;

СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі;

ЖББҰ – Жоғары білім беру үйімдары;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг, комплеанс бақылау және сапа орталығы;

Ереже – Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі;

ОӘК – Оку әдістемелік комитет;

FK – Ғылым комитеті;

ӨК – Өлеуметтік мәдени мәселелер комитеті;

АРТА (НААР) – Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі;

АЕК – Айлық есептік көрсеткіш.

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	УЕ-ХҚТУ-075-2023
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	9-шы нұсқа
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	19 беттің 4-ші беті

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі таланттарының енгізілуіне кафедра менгерушілері, факультет декандары және ФЗИ директорлары жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі таланттарының сапалы орындалуына Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы, Академиялық департамент, Фылым департаменті, Жастар саясаты департаменті, Фылыми-зерттеу институтының директорлары, факультет декандары, кафедра менгерушілері жауапты болып табылады.

## 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Рейтинг (ағылш. Rating - класс, разряд, дәреже, баға, қоғамдағы орны деген сөзінен алынған) — белгілі бір объектінің немесе әрекеттің маңыздылығын сипаттайтын немесе танымдылық, бағалау деңгейін сипаттайтын сандық көрсеткіш.

ОПК/кафедралар/факультеттердің қызметін рейтингтік бағалаудың негізгі мақсаты – құрылымдар мен оқытушы-қызметкерлердің университеттеге қосқан үлесін ескере отырып, жұмыс сапасын жаксарту және жетілдіру арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету, университет ОПК, кафедраларының қызметін анықтауға және бағалауға арналған ақпараттық база қалыптастыру.

Ішкі рейтинг жүйесінің негізгі міндеттері:

- ұжым еңбекінің нәтижелі көрсеткіштерінің сараптамалық мәліметтері негізінде университет қызметін жетілдіру және дамыту;
- ОПК, кафедралар, факультеттердің қызметін бағалау мен олардың тиімділігін бақылау мақсатында бірынғай кешенді критерийлерді топтастыру;
- ОПК, кафедралар, факультеттер, фылыми-зерттеу институттары жетістіктерінің деректер банкін жасау;
- оқытушылардың өз кәсіби біліктілігін арттыруға, педагогикалық шеберліктің озық үлгісін менгеруге және шығармашылық түрғыдан дәріс беруге қызығушылығын күштейту;
- толық әрі анық ақпарат беруді арттыра отырып, ОПК/кафедра/ факультет, фылыми-зерттеу институттары қызметіне берілген бағаның объективтілігін, шынайылылығын қамтамасыз ету;
- бәсекеге кабілетті мамандарды дайындау сапасын арттыру;
- жалпы университеттің, жекелеп алғанда фылыми-зерттеу институттары, факультет, кафедра және оқытушылардың қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық база құру;
- педагогикалық ұжымның өз енбектерінің нәтижесіне сыйни түрғыдан сараптама жүргізу;
- жалпы университеттің рейтингін көтеруге ықпал ететін ОПК, кафедра, факультет, фылыми-зерттеу институттары қызметтерінің түрлерін ынталандыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі кәсіби рейтингті анықтау оку процесіне қатысты барлық құрылымдарда Стратегиялық жоспардағы көрсеткіштерді орындауга арналған ОПК, фылыми қызметкерлер, ФЗИ, кафедра, факультеттердің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген еңбек нәтижелері негізінде іске асырылады.

Рейтингті ұйымдастыру төмендегі қағидаларға негізделген:

- алынған ақпараттың объективтілігі, шынайылылығы және нақтылығы;
- ашықтық, жариялыштық, жүйелілік;
- құзыреттілік және алқалық шешім қабылдау.

Рейтинг нәтижелері құрылымдық бөлімше басшылары үшін ақпараттық база болып табылады, бұл университет қызметін басқарудың және жетілдірудің негізгі құралдарының бірі. Стратегиялық жоспардағы көзделген оку орнымыздың білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және фылыми жұмыстар сапасын арттыру жөнінен университет қызметкерлерінің потенциалын максимальды сарқа пайдалану

16

<b>Қоқса Ахмет Ясаяу атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясаяу университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттін 5-ші беті</b>

мақсатында бұл рейтингте оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бағыттары бойынша ескеріледі.

ОПК-кафедра-факультет рейтингі индикативті жоспарға негізделеді. Индикативті жоспар екі белгітен тұрады: көрсеткіштердің жоспарлы және оқу жылы соңындағы нақты мәндөрі. ОПК-ның, кафедраның, факультеттің Индикативті жоспарын қалыптастыру әр оқу жылдарың басында жүзеге асырылады.

Ағылдаңды оку жылындағы ОПК/кафедра/факультет/ғылыми-зерттеу институттары рейтингінің барлық көрсеткіштері тәмендеғі бағыттары бойынша біркітіріледі:

I – Ғылым бағыты, оның меншікті үлесі жалпы ұпай санының 50 %-ын қурайды;

II – Академиялық бағыт, оның меншікті үлесі жалпы үпай санының 35 %-ын құрайды;

ІІ – Академийлік салын, 3-жылдық мемлекеттік мәдениет жаһаның мемлекеттік мәдениетінде өзгеше түрде үйректеп, оның меншікті үлесі жалпы ұпай санының 15 %-ын алады.

Ұпай саны бағыттар бойынша: 0,50; 0,35; 0,15 коэффициентіне көбейтіледі де, корытынды упай саны есептеледі.

Рейтинг порталындағы әр индикатор үшін белгіленген үпай - сол көрсеткішке ғана берілген жалпы үпай ретінде саналады (әр автор үшін жеке-жеке емес).

Оқытушы-профессорлар кұрамы мен ғылыми қызметкерлердің ішкі рейтинг көрсеткіштері университеттің ip/ayu.edu.kz базасы арқылы аныкталады.

ОПҚ, ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары қызметін рейтингтік бағалау төмөндегідей мүмкіндіктеге жол апшады:

- оқытушылар кызметін бағалаудың жыл сайынғы аттестациясының бір көрсеткіші ретінде пайдалануға;

- кафедраны, факультетті, ғылыми-зерттеу институттарын, университетті дамытуға қосқан жеке үлесін бағалауға;

- қызметтің жекелеген көшбасшыларды анықтауға; түрлерінде (академиялық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени)

- оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлердің кафедралы, кафедраның факультеттегі, факультеттің университеттегі жапшы орын (рейтингін) анықтауға;

- оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлердің академиялық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени қызметтіндең белсенділігін арттыруға жағдай жасауға;

- құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, оқытушы-профессорлар мен тұлғалықтың күзметкерлердің, кафедралардың, факультеттердің кәсіби дайындық деңгейі және оның мемлекеттік сипаттамалық көмектесуден ажыратылғандағы мүнисипалитеттегі қамтамасызын етуге;

- ғылыми-педагогикалық лауазымдарда ауыстыруға үмткерлер ұсыну рәсімдерін өзін-біздеңдеңдердің резервін анықтауда;

- оқытушы-қызметкерлердің моралдік және материалдық жағынан ынталандыруға.

5.2 Оқытушы-профессорлар кұрамы жәнеғының күзметкерлердің соңғы номинацияларынан корсеткіштері дәлелді шешімдер мен расталатын құжаттар түріндегі ішкі рейтингтік жағдайлардың базасына сипаттайды.

- әр ОПК және ғылыми қызметкер тарапынан дербес атқарылады. Эр ОПК және ғылыми қызметкер базасында жүктеген мағілімтердің тексеріп растауышы тұлғаларға IT-  
жүйесін сипаттап беруде көзделуады.

кызметкерлерге, ақпарат базасына жүктелгендегі тесори ралдануынан берітін жағдайда мүмкіндік беретін жеке логикалық критерийлерге, оқытушы-профессорлардың курамының ағымдағы оку жылы бойынша

мен күпия сез беріледі. Оқытушы-профессорлар құрамының алғашдағы 100 еңбек көрсеткіштерін рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтында уақытлы ендіруін үнемі ескерту және олардың тұрғын түрде калдаяш жауапкершілігі кафедра менгерушілеріне жүктеледі.

орындалуын тұрақты түрде қадағаң жауапкершілік кафедра менгерушілердің Акпараттық базага ендірілген көрсеткіштердің шыныайылығы үшін акпараттың ендірүші ОПК-тің қызметкерлері және тиісті құрылым басшылары - кафера менгерушілері

былыми қызметкерлер және тиесті құрьым базшылардың тағы да директорларына жауапкершілік жүктеледі. Кафедра менгерушілері, ОПК, кафедра

16

<i>Қоңса Ахмет Ясаяу атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-075-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Ахмет Ясаяу университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	<i>9-шы нұсқа</i>

19 беттің 6-ші беті

факультет рейтингі мәліметтерінің индикативті жоспармен сәйкестігіне және орындалу деңгейіне үздіксіз мониторинг жүргізеді.

ОПҚ, кафедра, факультет, ғылыми-зерттеу институттары рейтингін анықтау оку жылына екі рет немесе оку жылы соңында қорытынды бір рет жүргізілу мүмкін.

Ақпараттық технология департаменті тарарапынан рейтинг жүйесін іске асыруға төмөндегідей техникалық қолдау көрсетіледі:

- ip.ayu.edu.kz ақпарат базасын үнемі жұмыс қалпында ұстау;
- қальпты жұмыс режимі үшін рейтинг контентін қамтамасыз ету (Адам ресурстарын басқару бөлімі арқылы оку жылындағы ОПҚ тізімін жаңалау, толық және толық емес штаттық бірліктегі ОПҚ-ны анықтаап, ақпараттық базага орналастыру);
- рейтинг жүйесінің жұмысы бойынша қолданушыларға кеңес беру;
- техникалық немесе орын алған басқа қателерді шұғыл түзету;
- хабарландыру, шұғыл ақпаратты қосу және өзгерту;
- рейтинг комиссиясы шешімдеріне сәйкес қорытынды нәтижелерге түзетулер ендіру;
- ip.ayu.edu.kz ақпарат базасындағы мәліметтерді сақтау және үнемі көшірмелерін алу;
- бағдарламалық қамтамасыз ету және үнемі жетілдіру.

5.3 Оқытушы-профессорлар құрамы тарарапынан университет базасына ендірілген академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша енбек көрсеткіштері әр оку жылының маусым айында талданып қорытындыланады. Жалпы қорытындылау және рейтингті ынталандыру шараларына ұсыну университет басшылығы тарарапынан құрылған ішкі рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

Рейтинг комиссиясы жұмысын қос тараپтан (Қазақстан және Түркия) тағайындалған бірінші вице-ректор немесе вице-ректорлар басқарады. Комиссия құрамына:

- Академиялық, ғылым және Әлеуметтік-мәдени бағыттар бойынша үш вице-ректорлар;
- үш бағыт бойынша департамент директорлары;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын екі факультет деканы;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын бір ФЗИ директоры;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын 1 кафедра менгерушісі;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын 1 ОПҚ;
- Стратегиялық даму, рейтинг, комплеанс бақылау және сапа орталығы мен басқа құрылымдық бөлім басшылары енеді.

Университеттің рейтинг комиссиясы ОПҚ мен ғылыми қызметкер/кафедра/факультет/ФЗИ рейтингтерінің материалдарын қарастырып, талдаулар жүргізеді, етініштер бойынша саралтаулар және жалпы қорытындылау жасайды. Рейтинг нәтижелері бойынша қорытынды есепті және ынталандыру мен шара қолдану жөніндегі ұсыныстарды жоғарғы басшылыққа ұсынады.

5.4 Әр ОПҚ және ғылыми қызметкерлер өздерінің енбек нәтижелерінің көрсеткіштерін дәлелді шешімдер немесе расталатын құжаттар түрінде рейтингтік ақпарат базасына 21 мамырға дейін ендіреді, сонаң соң ақпараттық база жабылады. Растваушы тұлғалар 31-ші мамырға дейін базага ендірілген ақпараттарды растваумен шұғылданады. 01-05 маусым аралығында ОПҚ және ғылыми қызметкерлердің шағым, апеляция рәсімдеу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, Растваушы тарарапынан қосымша сұратқан құжаттарды немесе қосымша дәлелдерді ендіру мүмкіндігі бар.

Ақпараттық базага ендірілген көрсеткіштердің шынайылығын, талаптарға сәйкестігін раставу опциясы бар. Оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер тарарапынан университеттің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша енбек көрсеткіштері - сәйкес департамент директорлары (орталық басшылары) тарарапынан немесе сала бойынша вице-ректорлар тағайындаған немесе тәуелсіз сарапшы тұлғалар тарарапынан тексеріліп, расталады.

16

<b>Којса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 7-ші беті</b>

Растаушының функциялары мен міндеттері: Растаушы тұлғалар ақпараттық базага ендірілген мәліметтерді дер кезінде тексеріп, шынайы мәліметтердің уақтылы расталуына немесе себебін көрсете отырып кері қайтарылуына дербес жауапты болады. Таласты жайттар туындаған жағдайларда, растаушы тұлғалар өз саласы бойынша құзіретті мамандармен кенесіп, мәселенің шұғыл шешілудің тікелей міндетті болады. Растаушылардың жауапкершілігі туралы дербес көлісім-шарт немесе т.с.с. құжат рәсімделуі мүмкін.

ОПК, кафедра, факультет, ФЗИ рейтингі көрсеткіштеріне мониторинг жасау Стратегиялық даму, рейтинг, комплекс бакылау және сапа орталығы тараапынан жүргізіледі.

ОПК рейтингі бойынша мәліметтерді ақпараттық базага ендіру көрсеткіштері мен нәтижелері оку жылы сонында тиісті кафедра мен ФЗИ тараапынан мониторинг жасалып қадағаланады.

5.5 Оқытушы-профессорлар құрамының және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің (ФЗИ үшін) университет базасына ендірілген оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары мен әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша еңбек көрсеткіштері жалпылама немесе жеке категориялар бойынша: ОПК, кафедра, факультет, ғылыми-зерттеу институттары үшін дербес қорытындыланады.

5.6 Оқу-әдістемелік т.б. баспа материалдары ОӘК, FK, ӘК хаттамасына сәйкес және материал баспадан шыққан күннен бастап ескеріледі. Көрсеткіштер өткен оку жылдарың 21-ші мамыры мен осы оку жылдарың 20-шы мамыр аралығы үшін есептеледі және оқытушылар үлесін растайтын құжаттар осы мерзім аралығында болуы шарт.

Баспадан шығарылған оқулықтар, оку құралдар, оқу-әдістемелік құралдардың барлық үпайы ішкі авторлар (университет авторлары) санына тендей болініп есептеледі.

5.7 Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстері жарияланымдар (Ахмет Ясауи университеті атауы көрсетілген жағдайда, қосалқы авторлық тек өз ғылыми және пәнаралық бағыты бойынша, Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) үшін квартиль және CiteScore (Scopus) индикаторы және барлық ғылыми макалалар мен монографиялар үшін үпайларды есептеу кезінде жарияланымның ішкі авторлар санына карай үпай төмендегіше болінеді:

- 1 автор – 100 % ;
- 2 автор, 1-ші авторға 60% болса, екінші авторға 40 % беріледі;
- 3 автор, 1-ші авторға 40%, қалған екі авторға 30%-тандей болінеді;
- 4 автор, 1-ші авторға 40%, қалған 3 авторға 20 % тендей болінеді;
- 5 автор, 1-ші авторға 40%, қалған 4 авторға 15 %-дан тендей болінеді;
- 6 автор, 1-ші авторға 25 %, қалған 5 авторға 15 %-дан тендей болінеді,
- 7 және одан да жоғары авторлар, 1-ші авторға 20 %, қалған авторларға 80 % үлес болінеді.

Егер авторлар тараапынан үпай санын басқаша пропорция бойынша бөлу немесе авторларды алфавит бойынша орналастыру, т.б. туралы жазбаша ұсыныстар болса, ол бірінші кезекте ескеріледі.

ip.ayu.edu.kz ақпараттық порталында көрсеткіштерді растау кезінде, жарияланымдардың CiteScore көрсеткіші тиісті деректер базасындағы болуы шарт. Жарияланымның жылы бойынша CiteScore және жариялау мерзімі осы оку жылдарында болуы шарт.

5.8 Жылдық қорытынды еңбек көрсеткіштері нәтижесінде ТОП 100 ОПК-ны ынталандыру шараларына ұсыну кезінде 50/50 пропорциясы ескеріледі. Яғни:

- 1) Жаратылыштану ғылымдары, Инженерия, Медицина бағыттары бойынша көрсеткіштер үшін – 50 % ОПК;
- 2) Әлеуметтік, Гуманitarлық, Теология, Филология, Экономика, басқару және құқық, Спорт, Өнер бағыттары бойынша көрсеткіштер үшін – 50 % ОПК.

5.9 Семинарлар, конференциялар, академиялық ұтқырлық, тағылымдамаларға және т.б. катысады айғақтау - катысу сертификаттары негізінде немесе бүйрек немесе т.б. реими құжаттары арқылы расталады.

<b>Којса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>
<b>Ахмет Ясави университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>

ОПҚ және ғылыми қызметкерлер енбек көрсеткіштері, дәлелдемелері (фото, сертификат және т.б. сканерленген құжаттар) PDF, JPG файлдарына ғана салынуы тиіс.

5.10 Университеттің ішкі кәсіби рейтингінің Университетте жұмыс жасайтын кез-келген қызметкердің қатысуға құқығы бар. Ал 1 жылдан аз уақыт жұмыс жасағандардың және толық емес штаттағылардың ішкі рейтингке қатыспау (қатысадан өз еркімен бас тартқан) жөніндегі жазбаша етініші бойынша рейтинг комиссиясы тараپынан ол тұлғаларға шара қабылдама туралы шешім қабылданады. Ал кафедра, факультет және ФЗИ рейтингілері сол құрылымдағы ОПҚ немесе ғылыми қызметкерлердің штаттық бірлігіне шакқандағы орташа көрсеткіштерімен есептеледі.

5.11 ОПҚ, кафедра, факультет рейтингінің қорытындысы жұмыстың үш бағыты бойынша көрсеткіштердің ұпайларын қосу арқылы есептеледі. Әрі қарай алынған ұпайлардың жалпы қосындысы бойынша ОПҚ-ны, кафедраны, факультетті, ФЗИ-ды кему тәртібімен саралау жүргізіледі және әрбір оқытушының, кафедраның, факультеттің, ФЗИ-дың рейтингтік орны анықталады.

Рейтинг комиссиясы ОПҚ және ғылыми қызметкерді жалпы жинақ көрсеткіші бойынша ынталандыруға ұсынар алдында мына талаптардың сақталуын ескеру қажет: үміткердің көрсеткіштері барлық үш бағыт (ғылым бағыты, академиялық бағыт, әлеуметтік-мәдени бағыттар) бойынша қамтылуы.

5.12. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер тараپынан осы оку жылына дейін мерзімі ескірген ендірuler, бір мәліметті әр түрлі индикаторларға қайталап ендірuler немесе ережеге сәйкес келмейтін жалған мәліметтер ендірulerдің барлығы растаушы тұлғалар тараපынан кері қайтарылады. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің дәлелдеуші құжатына күмән келтірген жағдайда, мәліметті растаушылар тараපынан қатысушыдан сол мерзім аралығында университет бүйрекшілік мәтіні, қызмет хат т.б. дәлелдемелер талап етіледі. ОПҚ және ғылыми қызметкер тараපынан ендірілген мәліметтердің мерзімі ескірген, бұрмаланған және ip.ayu.edu.kz ақпарат базасында тиісті дұрыс ұяшыққа дұрыс салынбаған жағдайда расталмайды.

Бір автор рейтинг базасына құжаттарын 4-тен артық қате жүктеген жағдайда сол индикатор ұпайы жойылады.

5.13 Оку жылы соңында жұмыс комиссиясы отырысында, Адалдық кодексі талаптарына орай, рейтингтік көрсеткіштерге негізсіз немесе бұрмаланған, жалған мәліметтер ендірген ОПҚ немесе ғылыми қызметкерлердің қорытынды көрсеткішінен комиссия шешімімен 1-500 ұпай аралығында шегеріледі немесе комиссия шешімімен рейтингтен мүлдем шеттетіледі. Шара қолданылған ОПҚ және ғылыми қызметкерлер материалдары Этикалық және тәртіп комиссиясына жолданады.

5.14 Комиссия ұснысымен университет имиджін арттыруға бағытталған қомақты ішшараларды ұйымдастырудагы үлесі (хаттама, бүйрек немесе бағдарлама негізінде Оку-әдістемелік, Ғылым, Әлеуметтік-мәдени мәселелер комитеті төрағалары ұснысы бойынша) және т.б. қоғамдық мәдени көпшілік шаралардағы ерекше белсенділіктері үшін оқытушы-профессор және ғылыми қызметкерлерге жалпы рейтингтік көрсеткішке ұпай қосылуы мүмкін.

5.15 ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген көрсеткіштері әр жыл сайын маусым-тамыз аралығында талқыланып, рейтинг мәндері қорытындыланады. ОПҚ және ғылыми қызметкерлердің (Rопқ(r)) рейтинг базасындағы ең жоғарғы ұпайы максимальды мән ретінде (Rопқ.max) кабылданып, ол 100 % -га теңестіріледі: R опқ.max (r) = 100 %.

ОПҚ және ғылыми қызметкерлердің рейтинг ұпайлары тиісінше пайыздық көрсеткіштермен есептеледі: Rопқ(r) % = Rопқ(r) \* 100 % / R опқ.max

5.16 Жазбаша түрде түсken шағымдар мен ұсныстар университет ректоры ректор өкілі тараපынан бекітілген рейтинг комиссиясының отырысында қаралып, хаттамамен рәсімделеді және ОПҚ танысуы үшін рейтинг порталына орналастырылады. ОПҚ және ғылыми

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 9-ші беті</b>

қызметкерлердің Рейтинг комиссиясына жолданған шағым немесе ұсыныстары 01-05 маусым аралығында кабылданады да, сонан соң қабылдау тоқтатылады.

5.17 Толық емес штаттағы ОПҚ немесе ғылыми қызметкер толық жүктемедегі ОПҚ-мен бірдей шартта бәсекеге түсे алатындығына өзінің сенімді емес екенін көрсете отырып рейтинг комиссиясына жазбаша өтініш білдірген жағдайда, олардың дербес рейтинг нәтижелерін ескермеу жөнінде комиссия шешім шығара алады.

5.18 Әр индикатор бойынша есептеулер ережеде көрсетілген тиісті ұпайлар бойынша анықталады. Ишкі рейтинг көрсеткіштерінің қорытынды ұпайларын жалпы қорытындылау және рейтинг нәтижесі бойынша келесі оқу жылына ынталандыру шараларына ұсыну - университет ректоры бекіткен тұрақты Рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

5.19 Әр оқу жылының сонында Рейтинг комиссиясы ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген көрсеткіштерді талқылап, қорытындылайды. Нәтижесінде, өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен сияқты бірнеше деңгейлерді анықтайты және өте жоғары ұпай жинаған ОПҚ және ғылыми қызметкерлерді анықтап, ынталандыру ретінде бір реттік сыйақымен марапаттау үшін немесе жалақысына дифференциаланған үстеме ақы қосу үшін оларды жоғарғы басшылыққа ұсынады. Ынталандыру аумағы - рейтинг көрсеткіштері өте жоғары ОПҚ және ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан шамамен 1/10 мөлшерін қамтиды.

5.20 ТОП-100 тізіміне енген ОПҚ үшін айлығына қосылатын дифференциаланған үстеме ақы бекітілген теменгі шектеулі деңгей негізінде, оқытушының категориясына байланысты есептеледі.

Бір мезгілдік ынталандыру сыйақысы немесе ай сайынғы дифференцияланған рейтингтік үстеме ақылар кемінде бір жыл жұмыс істеген, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметіндегі тек қана штаттағы оқытушыларға және ғылыми қызметкерлерге беріледі.

5.21 Ағымдағы оқу жылы бойынша рейтингінің қорытынды нәтижелері негізінде ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің ТОП-100 тізімі анықталып, көлемі комиссия шешімімен ұсынылған ынталандыру сыйақысы немесе төмендегі көлемде дифференциалданған ай сайынғы үстеме ақы беріледі:

- 1-10 орын - 35 АЕК;
- 11-25 орын - 30 АЕК;
- 25-50 орын - 25 АЕК;
- 51-75 орын - 20 АЕК;
- 76-100 орын - 15 АЕК.

Ишкі рейтинг көрсеткіштерінің ТОП-150 немесе үздіктердің басқа саны бойынша мүмкін өзгерістерді оқу жылы сонында Рейтинг комиссиясы түзетулер ендіріп, жоғары басшылыққа ұсынуы мүмкін.

5.22 Кафедра рейтингінің нәтижелері негізінде ағымдағы оқу жылында қызметтің үш бағыты бойынша аса жоғары қорытынды көрсеткіштерге кол жеткізуіді қамтамасыз еткен үш кафедра анықталады. Ол кафедраларға комиссия шешімімен бірреттік ынталандыру ретінде заттай немесе оргтехника, жабдық т.б. түрінде қажеттіліктерді ұсыныс-хатпен алуға төмендегі мөлшерде қаржы бөлінеді:

- I орын - 100 АЕК;
- II орын – 80 АЕК;
- III орын - 65 АЕК.

5.23 Факультет және ғылыми-зерттеу институтының рейтинг нәтижелері негізінде ағымдағы оқу жылында қызметтің барлық бағыттары бойынша аса жоғары қорытынды көрсеткіштерді қамтамасыз еткен бір факультет және бір ФЗИ анықталады. Оларға комиссия шешімімен бірреттік ынталандыру ретінде заттай немесе оргтехника, жабдық т.б. түрінде қажеттіліктерді ұсыныс-хатпен алуға төмендегі мөлшерде қаржы бөлінеді:

I орын - 100 АЕК.

<i>Көнсі Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-075-2023</i>
<i>Сана менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	<i>9-шы нұсқа</i>

5.24 Рейтинг комиссиясы ip.ayu.edu.kz базасына сидірліген көрсеткіштерге орай оку жылы корытындысы бойынша "Жыл көшбасшысы", "Үздік гылыми жарияланым", «Үздік педагог», «Үздік әдвайзер» поминациясының иегерлерін аныктап, оларға ынталандыру сыйакыларын болжолеу үшін жоғары басшылыққа ұсыну мүмкін.

5.25 ОПҚ қызметтік жалақысына қосылатын ынталандыру үстеме акысы мен кафедра/факультет/ФЗИ-га болінетін заттай ынталандырулар бюджеттен тыс қаржат есебінен толенеді.

Ынталандыру сыйакысы оку жылының 1 қыркүйегінен бастап 10 айға тағайындалады және жаңа оку жылында арнайы бүйреклен рәсімделіп, сыйакы иелері марапатталады.

5.26 Рейтинг нәтижесі бойынша үпай саны "ноль" ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер үшін келсідей шараптар қабылдануы мүмкін:

- ескерту, согіс, қатаң согіс түріндегі жәнс басқа жауапкершіліктерге тарту үшін Этикалық және тәртіш комиссиясына жолдау;
- жеке сибек шартын токтатуға ұсыну.

Келсідей жағдайларда бұл шара қолданылмайды:

- рейтинг корытындысын жүргізген сәтте бұл қызметте бір оку жылынан кем уақыт жұмыс істеп жүрген ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер;
- ағымдағы оку жылы бала күтіміне байланысты демалыстан шықкан ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер;
- қоса қызмет істеу жағдайында 0,25-0,75 штаттық бірліктегі мәлшерлісмен жүктемені орындағы ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер.

5.27 Рейтингтің корытындысы бойынша межелік деңгейден қайталап тәмсән жинаған ОПҚ, мен ғылыми қызметкерлерге келесі жылға Еңбек келісім-шартын бұзу туралы хабарлама берілуі мүмкін.

5.28 Рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтындағы ОПҚ-ның сибек көрсеткіштері университет веб-сайтындағы ОПҚ-ның жекс профильдік мәліметіне қосылады және ОПҚ, мен қызметтер аттестациясы кезінде, жеке еңбек шартын жасау/ұзарту кезінде ескеріледі.

## 6. ip.ayu.edu.kz АҚПАРАТ ПОРТАЛЫНА ЕНДІРІЛЕТІН КӨРСЕТКІШТЕР

### 6.1 ОПҚ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН ИНДИКАТОРЛАР

№	Ұсыныстар бойынша озгеретін көрсеткіштер атауы	Олшеу бірлігі	Рейтинг балы
<b>I. ҒЫЛЫМ БАҒЫТЫ</b>			
<b>1. Жобалар мен ғылыми зерттеулер</b> (жобалар бойынша дәлелді құжат ретінде Ахмет Ясауи университетімен жасалған екі жақты келісім-шарт, жоба орындаушыларын келісім-шарт негізінде жұмысқа қабылдау туралы бүйрек немесе атқарылған жұмыстардың актісі ұсынылуы кажет. Волонтерлік, мердігерлік келісім-шарт негізде жұмысқа алынған, алайда сибек ақы алмайтын орындаушыларға ұпай берілмейді)			
1.1	Халықаралық жобалар (TUBITAK, COST, "Горизонт-2020", Erasmus+ және т.б.) 1.1.1 Жоба жетекшісіне 1.1.2 Орындаушыға	Саны саны	1000 750
1.2	Университетпен бірлескен халықаралық ғылыми зерттеу жобалары: 1.2.1 Жоба жетекшісіне	саны саны	1000 750

16

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>УЕ-ХҚТУ-075-2023</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	<i>9-шы нұсқа</i>

1.3	1.2.2 Орындаушыға Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары: 1.3.1 Жоба жетекшісіне 1.3.2 Орындаушыға	саны саны	800 600
1.4	Гранттық, ғылыми-технологиялық жобалар: 1.4.1 Жоба жетекшісіне 1.4.2 Орындаушыға	саны саны	500 250
1.5	Инновациялық жобалардың өндіріске енуі (РННТД коммерциализациясы) 1.5.1 Жоба жетекшісіне 1.5.2 Орындаушыға	саны саны	500 250
1.6	Келісім-шарттық, шаруашылық жобалар 1.6.1 Жоба жетекшісіне 1.6.2 Орындаушыға	Әр млн. тенге үшін саны	20 10
1.7	Стартап жобалары: 1.7.1 Жоба жетекшісіне 1.7.2 Орындаушыға	саны саны	250 150
1.8	ҰМFTCO» АҚ, (АО НЦГНТЭ)-на тіркелген «Ынталы» жоба үшін (жоба жетекшісі Фылым комитеті ережесінің 6.4 бабына сәйкес есептерін тапсырган, ҰМFTCO-ға тіркелген ақпараттық картасын рейтинг базасына тіркеген жағдайда): Жоба жетекшісіне	Саны	200

**2. Элемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар** (Ахмет Ясауи университеті атаяу көрсетілген жағдайда немесе автор туралы ақпарат ішінде, қосалқы авторлық тек өз ғылыми және пәнаралық бағыты бойынша, Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) үшін квартиль және CiteScore (Scopus) үшін процентиль)

2.1	1 квартиль (процентиль 99-75%)	саны	750
2.1.1	1 квартиль (процентиль 99-75%) / білім алушылармен соавторлықта	саны	800
2.2	2 квартиль (процентиль 74-50%)	саны	600
2.2.1	2 квартиль (процентиль 74-50%)/ білім алушылармен соавторлықта	саны	650
2.3	3 квартиль (процентиль 49-25%)	саны	450
2.3.1	3 квартиль (процентиль 49-25%)/ білім алушылармен соавторлықта	саны	500
2.4	4 квартиль (процентиль 24-1%)	саны	300
2.4.1	4 квартиль (процентиль 24-1%) білім алушылармен соавторлықта	саны	350
2.5	Импакт факторы 0-ге тен жарияланымдар	саны	200
2.5.1	Импакт факторы 0-ге тен жарияланымдар, білім алушылармен соавторлықта	саны	250
2.6	Конференция жинактарындағы макалалар үшін (рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар, көлемі 0.2 б.т. кем емес)	саны	200
2.6.1	Конференция жинактарындағы макалалар үшін (рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар, көлемі 0.2 б.т. кем емес), білім алушылармен соавторлықта	саны	250
<b>3. ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімі бойынша ғылыми журналдардағы жарияланымдар</b> (Ахмет Ясауи университеті атаяу көрсетілген жағдайда)		саны	200

16

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 12-ші беті</b>

3.1	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімі бойынша ғылыми журналдардағы жарияланымдар (Ахмет Ясауи университеті атаяу көрсетілген жағдайда, білім алушымен соавторлықта)	саны	250
3.2.	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізіміндегі журналдар: Ясауи университетінің Хабаршысы, "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналында жарияланған макалалар	саны	210
3.2.1	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізіміндегі журналдар: Ясауи университетінің Хабаршысы, "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналында жарияланған макалалар білім алушылармен соавторлықта	саны	260
3.3	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімге енбеген журналдар: Ясауи университетінің Хабаршысы, "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналында жарияланған макалалар	саны	250
3.3.1	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімге енбеген журналдар: Ясауи университетінің Хабаршысы, "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналында жарияланған макалалар, білім алушылармен соавторлықта	саны	300
3.4	Ясауи университетінің Хабаршысы, "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналында жарияланған макалалар үшін рецензенттерге (шекті мәні 3)	саны	30
3.5	Ғылыми журналдарға жарияланған пікір білдірулер (редакторға хат, комментарийлер, кейс презентациясы, техникалық жазбалар, зерттеулер бойынша ұсыным-ескертулер, оқулыктарға сын және резюме, ғылыми өмір - шолу), (шекті мәні 3)	саны	25
3.6	ҚР БжFM білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімге енбеген журналдар бойынша:	саны	500
3.6.1	"Ясауи университетінің Хабаршысы", "ХҚТУ хабарлары", "Түркология", "Eurasian Research Journal" журналдарының ғылыми редакторы, жауапты хатшы қызметін қоғамдық негізде атқарғаны үшін.	саны	400

**4. Жарияланымдар** (Ахмет Ясауи университеті атаяу көрсетілген жағдайда немесе автор туралы акпарат ішінде)

4.1	(Elsevier, Scopus, Web of Science деректер базасында бар оқулықтар, кітаптар, монографиялар, т.б.)	саны	700
4.2	Монографиялар	саны	350
4.3	Монографиядагы тараулар үшін	саны	100
4.4	Кітап бөлімінің (Book Chapter) авторы	саны	100

<b>Қојса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 13-ші беті</b>

**4.5 Алыс, Жақын шетел және Отандық басылымдардағы** (ресми тіркелген басылымдар) **жарияланымдар** (жарияланған еңбек 5 беттен кем емес) / Білім алушылармен соавторлықта

4.5.1	Алыс шетел	саны	100
4.5.2	Алыс шетел /білім алушылармен соавторлықта	саны	120
4.5.3	Жақын шетел	саны	70
4.5.4	Жақын шетел/білім алушылармен соавторлықта	саны	80
4.5.4	Отандық	саны	30
4.5.5	Отандық /білім алушылармен соавторлықта	саны	50
4.6	Халықаралық, республикалық конференция, конгресс баяндамалары (жарияланған жинақтағы негізінде), шекті мәні 5	саны	20
4.6.1	Халықаралық, республикалық конференция, конгресс баяндамалары (жарияланған жинақтағы материалдар негізінде), шекті мәні 5 / білім алушылармен соавторлықта	саны	25
4.6.2	Алыс шетел Халықаралық конференцияға қатысып баяндама жасаганы үшін (шекті мәні 3)	саны	50

**5. Әлемдік рейтингтік базалардағы Хирша (h) индексі** (Web of Science, Scopus базаларындағы)

5.1	1 - h	денгейі	100
5.2	2 - h	денгейі	200
5.3	3 - h	денгейі	300
5.4	4 - h және (одан жоғары болғанда - сәйкесінше әр Хирша деңгейге 100 үпай қосылады)	денгейі	400

**6. Халықаралық және ұлттық деңгейдегі өнертабыстық патенттер** (патент иесі Ахмет Ясауи университеті болған жағдайда, автор санына қарай белгінеді)

6.1	Еуропа, АҚШ және Азия-Тыңық мұхиты аймағы елдерінің шетелдік патенті (халықаралық деңгейде тіркелген)	саны	1000
6.2	Еуразиялық патентке қатысушы елдердің шетелдік патенті, авторлық құқық иесі ХҚТУ (ТМД елдері деңгейінде тіркелген)	саны	300
6.3	Қазақстан Республикасының патенті, авторлық құқық иесі ХҚТУ болғанда	саны	200
6.4	Зияткерлік меншіктің құқық қуәлігі (мемлекеттік реестрге тіркелген): өнер туындылары (жанр бойынша), шығармашылық шеберлік, бейнелеу өнері, дизайн, музика, архитектура-құрылыш, т.б. салалар бойынша, шекті мәні 5	Саны	100

**7. Үздік ғылыми жұмыстар байқауында жүлделі орын алған білімгерлердің жетекшісі болу** (Онлайн форматта болған жағдайда дәлел құжаттар талап етіледі: бейнеказба, бағдарлама, факультет ұсынысы, т.б.)

7.1 ЖББҰ арасында болатын (ҚР ҒжЖБМ, ҚР ДСМ, ҚР ММ ресми тізімдеріне енген) студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауы (диплом болған жағдайда)

7.1.1	Республикалық	саны	200
7.2 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бейресми байқаулары			
7.2.1	Халықаралық	саны	50
7.2.2	Республикалық	саны	25

**8. Стипендия, грант (сыйлық) иегерлери**

8.1	Жыл сайынғы ҚР БФМ ғылыми комитеті стипендиясы иегері	саны	300
8.2	«ЖББҰ Үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер»	саны	300

16

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті</i>	УЕ-ХҚТУ-075-2023
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	9-шы нұсқа
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	19 беттің 14-ші беті

8.3	грантының жеңімпазы Халықаралық (Fulbright, Chevening бағдарламалары, YTB Türkiye Araşturma Bursu және т.б.) және “Болашақ” стипендиясының иегері	саны	300
8.4	Білім және ғылым саласындағы жыл сайынғы сыйлықтар (Қ.И.Сәтбаев, Ш.Ш.Уәлиханов, А.И.Бараев, ІІ.Алтынсарин, Құлтегін, Да.А.Қонаев, М.О.Әуезов және т.б. атындағы үкіметтік сыйлықтар)	саны	300
	<b>9. PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік жасау</b> (ҚР ФжЖБМ СБК-ККСОН диплом алған жағдайда)	саны	150

## II АКАДЕМИЯЛЫҚ

**10. Оқулықтар** (12 б.т. кем емес), **оку құралы** (6 б.т. кем емес), (оку жылында баспадан шыққан, Ахмет Ясауи университеті атаяу көрсетілген жағдайда немесе автор туралы ақпарат ішінде)

10.1	ҚР ФжЖБМ грифімен шығатын	саны	600
10.2	Республикалық оқу-әдістемелік кеңес шешімімен шығатын оқулық, ОӘК шешімімен ұсынылған	саны	500
10.3	Республикалық оқу-әдістемелік кеңес шешімімен шығатын оқу құралы	саны	400
10.4	ХҚТУ Сенаты баспаға ұсынған оқулықтар	саны	350
10.4.1	ХҚТУ Сенаты баспаға ұсынған оқу құралы	саны	300
10.5	ОӘК тарапынан ұсынылған оқу-әдістемелік құралдар	саны	250
10.6	Электронды оқулықтар (зияткерлік мемшік күәлігі тіркелуі тиіс)	саны	200
10.7	Жаппай ашық онлайн курстар (MOOK), Coursera порталына тіркеген жағдайда	саны	400

**11 Оқу қуралдары мен оқулыктардың аударма авторларына**

11.1	Қазақ тіліндегі “100 жаңа оқулық”, «Ата жүрттан - Ана жүртқа» бойынша аударма авторларына	саны	400
11.2	Оқулықтардың аудармасы	саны	250
11.3	Оқу қуралдарының аудармасы	саны	150

**12. Академиялық ұтқырылыш** (басқа ЖББҰ-да дәріс беріп қайту, сертификат және ЖОО бүйректері тіркелуі міндетті)

12.1	Алыс шетелдерде	саны	250
12.2	Жақын шетелдер	саны	200
12.3	Қазақстан ЖББҰ-да	саны	150

**13. Ғылыми тағылымдамадан оту**

13.1	Шет елдерде	саны	75
13.2	Қазақстанда	саны	50

14. Қос дипломды (бірлескен) білім бағдарламасының үйлестірушісі	саны	500
(үлестері көрсетілген кафедра немесе факультет ұсынысы негізінде)		

**15. Пәннік олимпиадаларда жүлделі орын алған студенттердің жетекшісі болу** (Онлайн форматта болған жағдайда дәлел құжаттар талап етіледі: бейнеказба, бағдарлама, факультет ұсынысы, т.б.) (ресми пәннік олимпиадалар, ресми шығармашылық олимпиадалар, команда жетекшісіне шыгарылған бүйрек негізінде, үпай жетекшіге бір реттен артық есептелмейді)

15.1	Халықаралық	саны	100
15.2	Республикалық (ҚР ФжЖБМ ресми тізіміне енген)	саны	200

**16. Халықаралық және ұлттық деңгейде нәтижеге жеткен өнер санлактары мен спортшыларға бапкерлік** (бапкерлерге шыгарылған бүйрек негізінде)

*16*

<b>Қоңса Ахмет Ясайи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясайи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 15-ші беті</b>

16.1	Олимпиада жүлдегері (1, 2, 3-ші орындар)	саны	1000
16.2	Әлем (Азия) чемпионатының, ресми тізімге енген халықаралық байқаулардың жүлдегері	саны	500
16.3	ҚР чемпионатының жүлдегері	саны	200
16.4	Универсиада жүлдегерлері үшін - командалық спорт түрлері бойынша (команда бапкеріне шығарылған бұйрық негізінде, команда бапкеріне бір реттен артық есептелмейді)	саны	300
16.4.1	Универсиада жүлдегерлері үшін - жекелей спорт түрлері бойынша, бапкерге шығарылған бұйрық негізінде, шекті мәні 5)	саны	100
16.4.2	Ұлттық ЖОО лигаларының жүлдегерлері үшін - командалық спорт түрлері бойынша (команда бапкеріне шығарылған бұйрық негізінде, команда бапкеріне бір реттен артық есептелмейді)	саны	200
16.4.3	Ұлттық ЖОО лигаларының жүлдегерлері үшін - жекелей спорт түрлері бойынша (бапкерге шығарылған бұйрық негізінде, шекті мәні 5)	саны	100
<b>16.5. ҚР ҒжЖБ, ҚР ММ ресми тізімдеріне енген шығармашылық байқауларда жүлдегер болған білім алушыларға жетекшілік (Онлайн форматта болған жағдайда дәлел күжаттар талап етіледі: бейнеказба, бағдарлама, факультет ұсынысы, т.б.)</b>			
16.5.1.1	Халықаралық	саны	250
16.5.1.2	Республикалық	саны	200
16.5.2	Бейресми шығармашылық байқауларда жүлдегер болған білім алушыларға жетекшілік (шекті мәні 5)	саны	
16.5.2.1	Халықаралық	саны	50
16.5.2.2	Республикалық	саны	25

### **III ӘЛЕУМЕТТИК-МӘДЕНИ БАҒЫТ**

#### **17. Марапаттаулар мен наградалар иегерлері**

17.1	Әлемдік деңгейдегі халықаралық үйымдар, мемлекеттік мекемелер тарарапынан марапаттауга, сыйақыға және т.б. нәтижеге ие болған ОПҚ (халықаралық наградалар, тізімге сәйкес)	саны	400
17.2	Республикалық деңгейдегі мемлекеттік марапаттауга, сыйақыға және т.б. нәтижеге ие болған ОПҚ (үкіметтік, бекітілген ресми тізім бойынша)	саны	300
17.3	Республикалық деңгейдегі ведомстволық марапаттауга, сыйлықақыға және т.б. нәтижеге ие болған ОПҚ (үкіметтік, бекітілген ресми тізім бойынша)	саны	200
17.4	"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты»	саны	1000

#### **18. Шетелдік және ұлттық бұкаралық ақпарат құралдарында, олардың ресми сайттарында университет туралы жарияланымдар, шекті мәні 5**

18.1	Халықаралық	саны	150
18.2	Республикалық	саны	75

#### **19. Мәдени-көпшілік іс-шараларды үйымдастыру (Әлеуметтік-мәдени бағытындағы бекітілген жоспарлар аясында атқарылған іс-шаралар, шекті мәні 5):**

19.1	Халықаралық деңгейде	саны	100
19.2	Республикалық деңгейде	саны	75
19.3	Аймақтық, университет деңгейінде	саны	50

16

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХКТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттін 16-ші беті</b>

**20** Шығармашылық байқаулар (дизайн, журналистика, сәндік өнер, сауналық қойылым, эстрадалық және классикалық өнер, музика, хореография, дәстүрлі орындау, бейнелеу өнері), (дәлелді күжаттарын тіркеу арқылы: сертификат, бүйрық, диплом)

20.1 Шығармашылық байқаулардың жүлдегерлері

20.1.1	Халықаралық	саны	200
20.1.2	Республиканың	саны	150

**21.** Шынайы жеке шығармашылық орындаулар (көрме, триенал, шоу, концерт, фестиваль, көрсетілімдер, әлеуметтік желілердегі сілтемелер, бағдарламалар, жариялымдар, сертификаттар, бейнематериалдар т.б. дәлел күжаттары негізінде)

21.1	Халықаралық	саны	150
21.2	Республиканың	саны	100

## 6.2 КАФЕДРАЛАР ҮШІН ИНДИКАТОРЛАР

**22. Ресми алынған мәліметтер бойынша, бітіруші тұлектердің жұмысқа орналасу деңгейі** (ЖМБКБ, Медицина және стоматология факультеттерін бітірушілер үшін жалпы ұпай факультет декандарының ұсынысы негізінде аталған факультеттерге қарасты кафедраларға бөлініп беріледі)

22.1	(71-80%) x (K = 1)	500 x K	500
22.2	(81-90%) x (K = 2)	500 x K	1000
22.3	(91-100%) x (K = 3)	500 x K	1500

**23. Ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың жалпы үлесі**

23.1	50-55 аралығында	%	500
23.2	56-75 аралығында	%	750
23.3	75-тен жогары	%	1000

**24. “Атамекен” ҰКП, АРТА (IAAR), БСҚА (IQAA) және т.б. ұлттық рейтингте білім бағдарламасының позициясы өткен жылғыдан жоғарылаған әр орын үшін**

**25. Қос дипломды (бірлескен) білім беру бағдарламалары**

25.1	Бірлескен жаңа білім беру бағдарламалары	саны	500
25.2	QS WUR, THE WUR әлемдік рейтингтерінде ТОП-700-ге кіретін университеттермен қос дипломдық бағдарламалар	саны	1000
25.3	Қолданыстағы қос дипломды білім беру бағдарламалары, бірлескен білім беру бағдарламалары	саны	300
25.4	Әрбір дәріс окуға шақырылған жұмыс берушілер, практик мамандар үшін (арнайы курсқа 5 ECTS-тен кем емес).	саны	100

**26. Веб-сайттагы толық мәліметтері мен көрсеткіштері үшін** (Құрылымның академиялық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени деректері, ОПҚ портфолиосы, пән мазмұны мәліметтері, т.б.)

**27. Диссертация корғаған университет докторанттары үшін** (КР ҒжЖБМ СБК-ККСОН диплом алған жағдайда)

## 6.3. ФАКУЛЬТЕТТЕР ҮШІН ИНДИКАТОРЛАР

**28. Шетел және ұлттық ЖББҰ-ға барып бір академиялық кезең бойында білім алыш қайтқан білімгерлер**

28.1	10-ға дейін	саны	50
28.2	10-20 аралығында	саны	75
28.3	21-ден жогары	саны	100

**29. Шетел және ұлттық ЖББҰ-дан келіп университетте бір академиялық кезең (1 семестр) бойында білім алыш қайтқан білімгерлер**

29.1	10-ға дейін	саны	50
29.2	10-20 аралығында	саны	75

46

<b>Қоңса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясави университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттін 17-ші беті</b>

29.3	21-ден жогары	саны	100
<b>23. Фылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың жалпы үлесі</b>			
23.1	50-55 аралығында	%	500
23.2	56-75 аралығында	%	750
23.3	75-тен жогары	%	1000
<b>6.4 ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТТАРЫ УШИН ИНДИКАТОРЛАР</b>			
<b>23. Фылыми дәрежелі фылыми қызметкерлердің жалпы үлесі</b>			
23.1	50-55 аралығында	%	500
23.2	56-75 аралығында	%	750
23.3	75-тен жогары	%	1000

## 7 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу КП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

7.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

## 8 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

8.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департамент, Фылым департаменті және Жастар саясаты департаменті директорларына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, факультет декандары, фылыми-зерттеу институтының директорлары, кафедра мемлекеттік мінистрлер, оқытушы-профессорлар құрамы мен фылыми қызметкерлер.

8.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг, комплеанс бақылау және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

А.Тұрганбаев

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтән

Қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтер

Қ.Теребай

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	УЕ-ХҚТУ-075-2023
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</i>	<i>9-шы нұсқа</i>

## 9 ҚОСЫМШАЛАР

КОСЫМША А

## **ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАГЫ**

Ф-СМБ-002

<b>Қоқса Ахмет Ясаяу атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>УЕ-ХҚТУ-075-2023</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>9-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясаяу университетінің ішкі көсібі рейтингін анықтау ережесі</b>	<b>19 беттің 19-ші беті</b>

**Ф-СМБ-004**  
**КОСЫМША Б**

## ТАНЫСУ ПАРАФЫ